

FTAXP 06.35.31
ЭОЖ 657: 351 (574)

К.О. МАЗБАЕВА,¹
докторант,
«Нархоз» университеті¹

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНА НОРМАТИВТІ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР ӘСЕРІНІҢ

Андатпа

Мақалада Қазақстан экономикасындағы ауыл шаруашылығының бір саласы болып табылатын құс шаруашылығының дамуы және қазіргі жағдайы қарастырылады. Елдегі құс өндірісінің соңғы бес жылдық негізгі көрсеткіштеріне талдау жасалынған және құс шаруашылығы саласының алдағы он жылға өсуі мен даму тенденциясы анықталған. Қазіргі заман талаптарына сай нарықтың қатаң бәсекелестік жағдайында құс шаруашылығы өндірісіндегі шығындарды есепке алатын нормативті-әдістемелік нұсқаулардың жоқтығы біраз мәселелер туғызатындығы қаралған. Автор мақалада ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі бұйрығымен бекітілген, салалық ерекшеліктері және биологиялық процестері ескеріліп әзірленген сауатты нормативті-әдістемелік нұсқаулық ауадай қажет екендігін ашып көрсетеді. Қазіргі кезде қолданылып отырған 2–Қорлар деп аталатын Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарты және Ұлттық қаржылық есептілік стандарты да жеткіліксіз (кемелсіз) екенін байқауға болады. Қазақстанда шағын кәсіпкерлік субъектілері 2013 ж. бастап қолданып отырған Ұлттық қаржылық есептілік стандартында биологиялық тегіне қатысты активтерді анықтау үшін арнайы ұғым қолданылмайды, тек активтер ұғымы пайдаланылады. Сонымен бірге биологиялық процестері мен салалық ерекшеліктері жан-жақты ескеріліп, жүйелі түрде әзірленетін құс шаруашылығындағы шығындар есебі мен өзіндік құнды калькуляциялаудың нормативті-әдістемелік нұсқауларына қаншалықты мұқтаж екендігі зерттелген. Осы нұсқаулықтың (әдістемелік нұсқаулық) құс шаруашылығын дамытуға әсері айқындалған.

Тірек сөздер: құс шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, өзіндік құн, бәсекелестік, салалық ерекшелік, биологиялық процестер, нормативтік актілер.

Қазақстан экономикасы дамуының қазіргі сатысында ауыл шаруашылығының ахуалы оның негізгі көрсеткіштерімен анықталады. Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы агро-өнеркәсіптік кешеннің басты параметрлері болғандықтан осы өндірістердің тиімділігін арттыру және нарықты ауыл шаруашылығынан алынатын өнімдермен толтырып тастау – аграрлы мемлекеттің негізгі міндеті. Мал шаруашылығының маңызды салаларының бірі болып құс шаруашылығы саналады. Бұл сала халыққа жыл бойы қоректілігі жоғары өнімдер (құс еті, жұмыртқа) ұсынады. Қазақстандағы жұмыртқаның ішкі өндірісі ішкі нарық қажеттілігін толық өтейді. Ал құс еті өндірісінің өсуіне қарамастан, аталған өнім бойынша импортқа тәуелділік әлі де жоғары. 2017 жылы бұл тәуелділік 53,5% құраған [1].

Импорт тәуелділігіне қарамастан, құс шаруашылығы Қазақстанда қарқынды дамып келе жатқан сала, бұған басты бір себеп осы құс өндірісінен алынатын өнімдер әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар тізіміне кіреді.

Құс шаруашылығының басқа ірі қара мал шаруашылығына қарағанда қарқынмен дамуының келесі себебі – биологиялық процестер, яғни қысқа ғана уақыт аралығында өнімдер алуы және тұтынушылар тарапынан осы өнімдерге деген сұраныстың әрқашан бар болуы. Салыстырмалы қысқа уақыт ішінде дайын өнімдер алуы, жоғары өнімділігі және төл басының тез өсуі секілді мүмкіндіктері осы құс шаруашылығын ауыл шаруашылығында маңызды орын алуына себепкер болды.

Құстарды өсіру, күтіп бағу тұрғысынан мал шаруашылығының басқа салаларына қарағанда өнімнің бір бірлігіне шаққанда материалдық және тірі еңбек шығындарын аз қажет ететіндігі жайлы И. Кочиш, М.Г. Петраш және С.Б. Смирнов өз еңбектерінде атап өткен [2]. Сөзсіз, осы аталған себептер мен мүмкіндіктер құс шаруашылығының қарқынды дамуына ықпал етеді.

Мемлекет тарапынан да құс шаруашылығы дамуы үшін қолдау көрсетілуде, сонымен бірге үкімет өндіріс көлемін ұлғайту арқылы импорты алмастыруды талап етуде. ҚР Ауыл шаруашылығының бірінші вице-министрі А. Евниев 2018 жылдың 4 желтоқсанында жасаған баяндамасында келесідей болжам жоспарлар келтірген: «Құс шаруашылығы бағдарламасы

шеңберінде құс етін өндіру деңгейін алдағы он жылда 3 есеге (200 мың тоннадан 700 мың тоннаға дейін) ұлғайтып, импортты алмастыруымыз керек» [3]. Отандық жұмыртқа өндірісі ішкі нарықты 100% қамтамасыз етіп отырғандықтан бірқатар елдерге экспортқа шығаруда. Қазақстан Құс өсірушілер одағының мәліметтеріне сүйенсек, соңғы онжылдықта құс фабрикалары өнімдері шетелдік нарықтарға шығуда, атап айтсақ, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Моңғолия, Қытай және Біріккен Араб Әмірліктері секілді елдерге өнімдерін өткізуде [4]. Жақында ғана Қазақстан мен Иран мемлекеті арасында тағамдық жұмыртқаны жеткізуге арналған ветеринарлық талаптар келісілді [3].

Осылайша, құс шаруашылығы Қазақстанда қарқынды дамып келе жатқан мал шаруашылығының бір саласы болып табылады. Бұған дәлел ретінде 2018 жылы Ақмола облысында ашылған Макинск құс фабрикасын айтуға болады. Бұл құс фабрикасы Орталық Азиядағы ең ірі құс етін өндіретін фабрика қатарында болмақ. Ақмола облысының әкімі Мәлік Мұрзалин осы құс фабрикасының ашылу салтанаты кезінде былай деген: «Макинск құс фабрикасының іске қосылуы ет бағытындағы құс шаруашылығын дамытудағы өте маңызды жоба. Өндіріс қуаттылығын толық іске қосқаннан кейін еліміздің құс еті бойынша импорттың 30%-ын құрықтай аламыз» [5].

Қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандандырылған құс шаруашылық кәсіпорындарын құру олардың өнеркәсіптік бағыттарына сәйкес параметрлерін негіздеуге және қалыптасқан өндіріс өңірлерін есепке алуға ерекше талаптар қояды. Осыған орай, өнеркәсіптік құс шаруашылығы Қазақстанда болсын, көршілес Ресейде болсын құс шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың бірнеше түрлері бар, олар 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Қазақстан және Ресейдегі құс шаруашылығындағы кәсіпорындардың жіктемесі

Құс шаруашылығы	
Қазақстан Республикасында салалары бойынша	Ресей Федерациясында салалары бойынша:
- жұмыртқалы	- жұмыртқалы
- асыл тұқымды құс өсіруші (племенное хозяйство)	- бройлерлік тауық етін өндірушілер
- етті құс шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар	- бірнеше құс түрлерін өсіретін құс фабрикалары
- жұмыртқа мен құс етін өндіруге маманданған құс фабрикалары	Мамандандырылу деңгейі бойынша: - инкубация үшін асыл тұқымды жұмыртқаларды өндіруге бейімделген асыл тұқымды репродукторлар - тәуліктік жас төл өндірісі бойынша маманданған инкубаторлы-құс өсіруші станциялар - жұмыртқа мен құс етін өндіруге маманданған құс фабрикалары
Ескертпе — [1, 7] әдебиеттер көзі негізінде автор жасаған.	

1-кестеде берілгендей Қазақстанда құс шаруашылығы салалары бойынша ұйымдар келе-сідей болып бөлінуі мүмкін: жұмыртқалы (тек тауық жұмыртқасын өндіруші); тек тауық етін өндіруші – бройлерлік; жұмыртқа мен құс етін өндіруге маманданған құс фабрикалары; басқа да құс өсіруші, мысалы қаз, үйрек, бөдене, түйетауық етін өндіретін фабрикалар. Сондай-ақ кейбір құс фабрикалары бірнеше құс түрлерін өсірумен айналысады. Мұндай жағдайда осындай бірнеше құс түрлерін өндіретін ұйымдарда шығындар есебінің әр түрлі объектілері бойынша жүргізіледі. Жалпы алғанда бухгалтерлік есепте ересек тобын, жас төлді өсіру, инкубация секілді шығындар есебінің объектілері бойынша жүргізіледі. Осы шығындар есебінің объектілері тауықтарға бір бөлек, үйректерге де, қаздарға да бөлек ашылуы керек. Құс шаруашылығы өнімдерін өндіру негізгі өндірісі болып саналмайтын кәсіпорындар шығындарды есепке алу объектілерін осылайша анықтап, бөлек жүргізіледі. Мамандандырылған құс шаруашылығы кәсіпорындары үшін шығындар есебінің объектілері заңды түрде бекітілмегендігі біршама қиындықтар туғызуда.

Жұмыртқа мен құс етін өндіруге маманданған құс фабрикалары және инкубация үшін асыл тұқымды жұмыртқаларды өндіруге бейімделген ұйымдарға арналған шығындар есебі мен өзіндік құнды калькуляциялау туралы әдістемелік нұсқаулар әзірлеу ерекше маңызды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 63 құс шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар жұмыс жасауда. Бір ғана Алматы облысында тек жұмыртқа өндіретін 6 құс фабрикалары бар, оларға «Алатау-құс», «Алсад Қазақстан», «Қазақстан құстары», «Сары-бұлақ» компаниясы», «Камила и КК», «Когер ЛТД» секілді серіктестіктер. Ал «Алель Агро» АҚ-ы жұмыртқа мен құс етін өндіруге маманданған болса, сондай-ақ тек бройлер өсіретін «Казрос-Бройлер» және асыл тұқымды шаруашылықпен айналысатын «Ломан-Жетісу» ұйымы бар.

Енді жалпы Қазақстан бойынша құс шаруашылығы өнімдер өндірісінің соңғы 5 жылдық негізгі көрсеткіштері 2-кестеде бейнеленген.

Кесте 2 – Қазақстандағы құс шаруашылығы өндірісінің 2013–2018 жж. негізгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2018 ж. 2013 ж. салыстыр- ғанда, %
Құс еті өндірісінің көлемі, мың тонна	135,8	134,2	146,1	152,7	179,6	192,2	141,5
Құстың барлық түрінен жұмыртқа өндірісі, млн дана	3 896,0	4 291,2	4 737	4 757,2	5 103	5591,4	143,5
1 мекиен (жұмыртқалайтын) тауыққа келетін орташа жұмыртқа шығымы, дана	220	225	234	235	241	246	111,8
1 қантардағы құс малбасы саны барлық түрлері, млн бас	34,2	35	35	35,6	36,9	39,9	116,7
Ескертпе – [6] әдебиет көзі негізінде автор жасаған.							

Қазіргі кезде құс шаруашылығын агроөнеркәсіп кешенінде тұрақты түрде елеулі көрсеткіштерге қол жеткізіп отырған сала деуге болады. 2013 жылдан бастап 2018 жылдар аралығында құс еті мен жұмыртқа өндірісі көлемі 1,4 есеге өскенін 2-кестеден байқалады. Бір мекиен жұмыртқалайтын тауыққа келетін орташа жұмыртқа шығымы 2018 жылғы көрсеткішті 2013 жылмен салыстырғанда 111,8%-ды құраған. Құс етінің орташа жылдық өсімі осы жылдар аралығында өсіп отырған.

Жаңадан ашылған болсын, болмаса бұрыннан іске қосылған құс фабрикалары нарықтың қатаң бәсекелестік талаптарына төтеп бере алуы тиіс. Құс шаруашылығындағы бәсекеге қабілеттілікті күшейту үшін жаңа техника мен құрал-жабдықтар алу, өз өндірістерін жаңғырту және өнімділігі жоғары құстар өсірумен ғана байланысты емес. Кәсіпорынның алатын таза пайдасы бәрінен де маңызды. Өнім өндіретін әрбір кәсіпорын таза пайда алуы үшін жұмыс атқаратыны бәріне белгілі. Оң қаржылық нәтижеге жету – кез келген бизнестің басты міндеті. Ал ұйымның пайда алуына ең алдымен шығындар әсер етеді. 2018 жылы бірнеше құс фабрикаларының қаржылық жағдайларының нашарлауы және рентабельділіктерінің төмендеуі секілді келеңсіздіктер белең алды. Осындай келеңсіздіктердің орын алуы республикада бекітілген құс өндірісіне жұмсалатын шығындар есебі мен өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялаудың әдістемелік нұсқаулардың жоқтығынан болуда.

Атап айтсақ, соңғы он жылда Қазақстан Республикасында құс шаруашылығы өндірісіне жұмсалатын шығындарды есепке алу мен олардың өзіндік құнын калькуляциялау бойынша нормативті және әдістемелік базаның жоқтығы негізгі мәселеге айналды. ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі бұйрығымен бекітілген, салалық ерекшеліктері және биологиялық процестері ескеріліп әзірленген сауатты нормативті-әдістемелік нұсқаулық ауадай қажет.

Қазіргі кезде қолданылып отырған 2-Қорлар деп аталатын Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарты және Ұлттық қаржылық есептілік стандарты да жеткіліксіз (кемелсіз) екенін байқауға болады. Себебі өндіріске жұмсалатын шығындар есебін реттеуге арналған жеке бір ХҚЕС жоқ, тек қана өндірістік шығындарды есепке алуды қосалқы түрде ғана қарастыратын стандарттар бар.

Қазақстанда шағын кәсіпкерлік субъектілері 2013 жылдан бастап қолданып отырған Ұлттық қаржылық есептілік стандартында (бұдан әрі – ҰҚЕС) биологиялық тегіне қатысты активтерді анықтау үшін арнайы ұғым қолданылмайды, тек активтер ұғымы пайдаланылады [7].

Бұл аталған жайт Ұлттық стандарттағы жалпылама ұғымдар деуге болады, себебі құс шаруашылығындағы тауықтар негізгі құралдар болып саналмайды, осы мәселе ескерілмей қалған. Жалпы Қазақстанда құс шаруашылығымен айналысатын субъектілер 3 түрлі санаттардан құралған: ауыл шаруашылық кәсіпорындары – құс фабрикалары; дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары; жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылықтары. Осы тұрғыдан шағын кәсіпкерлік субъектілері алдында біршама қолайсыздықтар туындауда.

Осы санаттағы қысқа мерзімді активтер, атап айтқанда қорларға жатқызылады, өйткені мұнда шикізаттар, материалдар, өзге де ұқсас құндылықтармен бірге; аяқталмаған өндірістердегі шығындарымен және қайта сатуға арналған тауарлармен қоса, сондай-ақ алдағы кезең шығыстары мен басқа да қорлар сияқты активтер есептеледі.

2-ші Халықаралық қаржылық есептілік стандартында қорлар жөнінде келесідей анықтама берген: «Қорлар – бұлар: қалыпты қызмет барысында сатуға арналған; осындай сату үшін өндіріс үрдісіндегі; немесе өндіріс үрдісінде немесе қызмет көрсетулер кезінде пайдалануға арналған шикізат немесе материалдар нысанындағы активтер» [8]. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған Қаржы есептілігінің халықаралық стандартында да тура осындай анықтама берілген.

Қазақстанда құс шаруашылығының дамуына ықпал ететін құс өндірісіне жұмсалатын шығындарды есепке алу мен олардың өзіндік құнын калькуляциялау бойынша нормативті және әдістемелік нұсқаулардың қажеттілігі күмән туғызбайды. Осы тектес мәселелер ауыл шаруашылығындағы құс өсіру қызметінде биологиялық активтер есебінде көрсету тұрғысынан қайта ұғыну қажет екендігіне әкелді.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгі жоспарын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 877 бұйрығына сәйкес ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты биологиялық активтерді есепке алуды 1620 – «Жануарлар» деп аталатын шотта жүргізетін болады. Толық өндірістік циклдермен қамтылған құс фабрикаларында салалық ерекшеліктеріне байланысты инкубациялық жұмыртқа 1320 – «Дайын өнімдер» шотында есептеледі.

Құс өсірудің көп жылдық отандық тәжірибесінде өсіру және бордақылаудағы жас құстар қысқа мерзімді активтерге апарылады.

Сонымен қорыта келе, құс шаруашылығының бухгалтерлік есебі аясындағы ғалымдардың еңбектері мен нормативті базаларды зерттеу осы шаруашылықтың қыр-сырын егжей-тегжейлі түрде қарастырған шығындар есебінің әдістемесін табуға мүмкіндік бермеді. Сол себепті құс еті мен жұмыртқаны бірге өндіретін құс фабрикаларына және тек жұмыртқа бағытындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерге солардың шығындарын есепке алу, өзіндік құнды калькуляциялаудың нормативті-әдістемелік нұсқаулар және де құс өсіру үрдістерін реттеу туралы жедел шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін ыңғайлы ережелер әзірлеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы шілде айындағы № 423 қаулысы.
- 2 Кочиш И.И., Петраш М.Г., Смирнов С.Б. Птицеводство. – М.: КолосС, 2003. – 407 с.
- 3 «АӨК мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың алдын-ала қорытындылары туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы Бірінші вице-министрі А. Евниев 2018 жылдың 4-желтоқсанында жасаған баяндамасы.
- 4 Казахстанская куриная индустрия обещает завалить страну яйцами, мясом и пухом: <https://mk-kz.kz/articles/2016/04/27/kazakhstanskaya-kurinaya-industriya-obeshhaet-zavalit-stranu-yaicami-myasom-i-pukhom.html>.
- 5 В Акмолинской области открылась крупнейшая птицефабрика в Центральной Азии: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/akmolinskoy-oblasti-otkryilas-krupneyshaya-ptitsefabrika-354581/.

6 Официальный сайт Комитета по статистике МНЭ РК. Официальная статистика. Статистика сельского, лесного, охотничьего и рыбного хозяйства: // <https://stat.gov.kz/> (дата обращения: 15.11.2019).

7 «Ұлттық қаржылық есептілік стандарты» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

8 2-ші Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты «Босалқылар»: <http://minfin.kz>.

Аннотация

В статье рассматривается состояние и развитие птицеводства, являющегося одной из отраслей сельского хозяйства в экономике Казахстана. Проведен анализ основных показателей производства птицы в стране за последние пять лет, определены тенденции роста и развития птицеводческой отрасли на ближайшие десять лет. В условиях жесткой конкуренции рынка, отвечающей современным требованиям, существует ряд проблем, связанных с отсутствием нормативно-методических указаний, учитывающих затраты на производство в птицеводстве. Автор раскрывает необходимость грамотного нормативно-методического руководства, разработанного с учетом отраслевых особенностей и биологических процессов, утвержденных приказом Министерства сельского хозяйства РК. Применяемые в настоящее время международный стандарт финансовой отчетности, именуемый фондами-2, и национальный стандарт финансовой отчетности также недостаточны (несовершенны). В национальном стандарте финансовой отчетности, применяемом субъектами малого предпринимательства в Казахстане с 2013 г., специальное понятие для определения активов в отношении биологического происхождения не применяется, используется только понятие активов. В то же время изучены биологические процессы и отраслевые особенности, насколько они нуждаются в систематически разрабатываемых нормативно-методических указаниях учета затрат и калькулирования себестоимости в птицеводстве. Определено влияние настоящей инструкции (методических указаний) на развитие птицеводства.

Ключевые слова: птицеводство, сельское хозяйство, себестоимость, конкуренция, отраслевые особенности, биологические процессы, нормативные акты.

Abstract

The article discusses the state and development of the poultry farming, which is one of the branches of agriculture in the economy of Kazakhstan. The analysis of the main indicators of poultry production in the country over the past five years has been carried out, the trends of growth and development of the poultry industry for the next ten years have been determined. In the conditions of tough competition of the market that meets modern requirements, there are a number of problems associated with the lack of regulatory guidance that takes into account the costs of production in the poultry farming. In the article, the author reveals the need for competent regulatory and methodological guidance developed taking into account industry-specific features and biological processes, approved by order of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. Currently applicable International Financial Reporting Standard 2 "Inventories" and the national financial reporting standard are also insufficient (imperfect). The national financial reporting standard, which is used by small businesses in Kazakhstan since 2013, does not use a special concept to define assets in relation to biological origin, only the concept of assets that is used. At the same time, biological processes and sectoral peculiarities have been studied, whether they are in need of systematically developed standard-methodical instructions for cost accounting and costing in poultry farming. The influence of this instruction (methodical instructions) on the development of poultry farming has been determined.

Key words: poultry farming, agriculture, cost price, competition, industry features, biological processes, regulations.